

**Мерзімді қызметтің әскери қызметшілеріне және әскери (арнаулы) оқу орындарының бірінші және екінші курстарының курсанттарына почталық жөнелтілімдер үшін ақшалай өтемақы мөлшерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 желтоқсандағы N 1365 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 18 сәуірдегі № 481 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.04.18 № 481 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

"Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 20 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мерзімді қызметтің әскери қызметшілеріне және әскери (арнаулы) оқу орындарының бірінші және екінші курстарының курсанттарына почталық жөнелтілімдер үшін ақшалай өтемақы мөлшері айына 130 теңге сомасында бекітілсін . < \* >

**Ескерту. Тақырыбы және 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.31. N 912 қаулысымен .**

2. Осы қаулы 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*